



120014, Qyzylorda qalasy, Jahaev kóshesi, 5
telefon: 26-23-67 faks: 8 (7242) 26-22-93

120014, г. Кызылорда, ул. Жахаева, 5
телефон: 26-23-67 факс: 8 (7242) 26-22-93

BUIRUQ

«27» 09 2019 жыл
Qyzylorda qalasy

ПРИКАЗ

№ 2-нк
город Кызылорда

Қызылорда қаласы Ақсуат ауылдық
округінің «Асыл-Ай» бөбекжай-
бақшасы коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Бәсекелестікті қорғау және дамыту комитетінің 2019 жылғы 15 тамыздағы № 1-НҚ бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Бәсекелестікті қорғау және дамыту комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ережесінің 19-тармағының 1) тармақшасы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қызылорда қаласы Ақсуат ауылдық округінің «Асыл-Ай» бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құруға бәсекелестікті болдырмау шартымен төмендегі қызмет түрлерін жүзеге асыруға келісім берілсін.

1) мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына бейімдеу;

2) мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың ынталарын қанағаттандыру, жалпы адами ұлттық құндылықтарға бейімдеу негізінде қабілеттерін дамыту;

3) мектеп жасына дейінгі балаларда бастамашылықты, білім құмарлықты, еркіндікті және шығармашылық жағынан өзін-өзі көрсету қабілетін дамыту;

4) балалардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруіне жағдай жасау;

5) балалардың денсаулығын қорғау және сақтау;

6) тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара іс-қимыл жасау;

7) мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелейтін отбасыларына әдістемелік, диагностикалық және консультативтік көмекті ұйымдастыру;

8) бес – алты (жеті) жасар балаларды мектепалды даярлық тобымен қамтамасыз ету;

9) инклюзивті білімді ұйымдастыру.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Негізі:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Бәсекелестікті қорғау және дамыту комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 27.09.2019 жылғы қорытындысы;
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Бәсекелестікті қорғау және дамыту комитетінің 19.09.2019 жылғы № 44-6-10/285 келісім хаты.

Департамент басшысының
міндетін атқарушы



Е. Орынбаев